

ӨОЖ 343.3/.7

Ш.Б. Маликова

Экономикалық қылмыстардың алдын алудың кейбір мәселелері

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Аннотация. Аталған мақалада қылмыстылықтың кең тараған түрі экономикалық қылмыстардың алдын алудың мәселелері қарастырылған. Экономикалық қылмыстардың алдын алу шаралары сипатталып, кешенді түрде талданылған.

Түйін сөздер: қылмыстылық, экономикалық қылмыстар, қылмыстылықтың алдын алу, экономикалық шаралар, ұйымдастырушылық шаралар, техникалық шаралар, құқықтық шаралар, тәрбиелік шаралар.

Экономикалық қылмыстың алдын алу жүйесін қалыптастырудың әдіснамалық негізін осы қылмысты туындатушы процестер мен әртүрлі әлеуметтік құбылыстардың өзара байланыстарын зерттеу құрайды. Ең алдымен, жүйелік тәсіл негізінде нарықтық реформалар кезеңіндегі экономикалық қылмыстың динамикасы мен жағдайын терең әрі жан-жақты бағалау қажет. Экономика саласындағы қылмыстың алдын алу әлеуметтік басқарудың ажырамас бөлігі болып саналады және қылмыс жасауға ықпал ететін факторлардың әсерін азайту мен құқық бұзушы тұлғаны түзетуге бағытталған тәрбиелеуші, құқықтық, техникалық, ұйымдастыру-өндірістік, экономикалық шаралар жүйесін жасауды білдіреді. Экономика саласындағы қылмысты болдырмау шараларының мәні мен маңызын сезіне отырып, әлеуметтік процестерге әсер етуші факторлар туралы қазір айта қою қиын екенін ескерген жөн. Бұл жағдайда экономикалық қылмыстың алдын алуға арналған арнайы криминологиялық шаралар айрықша мәнге ие болады. Бұл шаралар экономикалық қатынастарға кіретін азаматтар мен кәсіпорындарға қатысты жалпы криминологиялық шараларды жүзеге асыруға, қылмыс себептерін жоюға тікелей бағытталған. Аталған шараларды қылмыстың алдын алуға қатысып, оны жүзеге асырушы субъектілер қабылдайды.

Экономикалық қылмыстардың алдын алуда жалпы әлеуметтік шаралардың маңызы зор. Жалпы алдын алу шараларының мәні – өзін-өзі қаржыландыру, өзін-өзі басқару негізінде экономикалық процестердің өздігінен реттелуінің демократиялық қағидаларын енгі-

зуде жатыр. Экономикалық қылмыстың алдын алу тұрғысында маңызды мәнге өнеркәсіпті техникалық қаруландыру, кемелденген техника мен технологияны қолдана отырып, қарқынды даму жолына өту, ескірген жабдықтарды ауыстыру және автоматтандырылған кәсіпорындарды көбейту шаралары ие болуда. Экономикалық қылмыстың алдын алуда мемлекеттік, аудиторлық және ішкі шаруашылық бақылаулардың өкілдері, шаруашылық басқару органдары еңбек ұжымдары, акционерлік қоғамдар, кәсіпорындардың жауапты қызметкерлері мен жетекшілері елеулі рөл атқарады. Қазіргі жағдайларда табиғи ресурстарды пайдалану мен кәсіпорынның кешенді даму мәселесін шешіп беретін жергілікті өзін-өзі басқару органдарының профилактикалық қызметі айрықша мәнге ие. Басқа да құқық қорғау және бақылау органдары секілді ішкі істер органдарының да қызметі әлеуметтік, экономикалық, саяси сипаттағы факторларды ескерсе ғана табысты болмақ.

Экономикалық қылмыстың алдын алуға арналған ішкі органдарының қызметі негізінде жатқан заңдық жүйе өзінің құрамына мемлекеттік билік пен органдар қабылдаған әртүрлі нормативтік құқықтық актілерді қамтиды. Оларға жататындар:

- ҚР Конституциясы;
- ҚР Заңдары мен кодекстері;
- ҚР Президентінің жарлықтары;
- ҚР Ішкі істер министрінің нұсқаулары мен ережелері, министрліктердің нормативтік актілері.

Экономикалық қылмыстардың алдын алу үшін кешенді түрде келесі шараларды қолдану қажет.

1. Экономикалық шаралар – экономикалық саясаттың жекелеген бағыттары бойынша жасалған арнайы мемлекеттік бағдарламалар мен нарыққа өтудің жалпы концепциясына енеді. Олардың қатарына: жер реформасы, кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы, мемлекеттік кәсіпорындарды жеке меншіктеу бағдарламасы, банк жүйесін реформалау, көтерме сауданы өндіріс құралдарымен жабдықтау, бағалы қағаздар нарығын құру, тауар өндірушілердің ақпараттық қамтамасыз етілуін құру жатады.

Антикриминогендік әрекеттер кәсіпорындардың өзара қатынас тәртібіне жоспарды міндетті түрде орындау негізінде емес, әріптестерді еркін таңдау, тараптардың келісімі бойынша бағаны анықтаудың өзара тиімді келісім-шартын жасасу негізінде өзгерістер енгізеді.

Мемлекеттік мүлікті жекешелендіру процесінде пайдақорлық қылмыстардың криминогендік белсенділігін төмендету үшін алдын ала сақтандыру шаралары азаматтар арасында мемлекеттік мүлікті орналастыру, олардың талап-тілектерін қанағаттандыру, ұжым құқығының сақталу кепілдігін беруді қамтитын нақты ойластырылған бағдарлама құрады. Сондай-ақ, шамадан тыс пайдалануды, капиталды шексіз иемденуді шектейтін басқа да шаралар құрылуы қажет.

Алдын алудың айрықша бағыттағы шаралары болып, нарықта доминанттық жағдай орнатушы кәсіпорындардың бағаны ұстап тұруы туралы бәсекелестердің келісіміне тыйым салатын жағдайлар табылады.

2. Ұйымдастырушылық шаралар – мұнда жіберілген өнім сапасын, бағасын сақтауға арналған мамандандырылған бақылау, қаржылық бақылау органдарының кадрларын кәсіби дайындау мен іріктеу шаралары жатады. Сондай-ақ, тұтынушылар құқығын қорғау қоғамы секілді қоғамдық қалыптастыруларды функцияландыруға арналған сенімді жағдайлар туғызу шаралары да жатады.

Экономикалық қылмыспен күресте едәуір профилактикалық тиімділік – бақылау органдары әрекеттерін кемелдендіретін, олардың дамыған нарықтық экономикалы елдермен тәжірибе бөлісуін қамтамасыз ететін шаралар өткізуге қабілеттілік.

Бақылау органдарын жұмыстарының тиімділігі барынша дамыған бақылау әдістерін тәжірибеге енгізу шараларына байланысты. Экономикалық қылмыстың алдын алу мақсаттары ретінде өндірістік емес шығындарды есептеу,

әлемдік экономикалық байланыстарға кіруге бағытталған, экономикалық қатынастардың нарықтық тәртіп талаптарына жауап беретін тауарлық-материалдық құндылықтарды бақылау мен есептеу әдістерін кемелдендіру шаралары қызмет етеді. Сыртқы экономикалық зардаптардың алдын алу мен экономикалық қауіпсіздікті қорғау мақсатында банк, кеден және қаржы органдарының ұйымдасқан өзара әрекетіне негізделген сыртқы кеден-валюталық бақылаудың жаңа механизмін құру керек.

3. Техникалық шаралар – экономикалық қылмыстың алдын алуға арналған техникалық шаралар тауар, шикізат тасымалдаудың барынша дамыған құралдарын жасауға, айрықша құнды шикізат және тауар ресурстарын сақтау орындарында сенімді құрылғылар орнатуға, тауарлар мен басқа да байлықтарды жымқыруға, ұрлауға мүмкіндік беретін жалған құжаттарды қолға түсіру әдістерін құқық қорғау және бақылау органдары тәжірибесіне ендіруге бағытталған.

4. Құқықтық шаралар – экономикадағы қылмыстық әрекеттің алдын алуда, әсіресе қазіргі таңда айтарлықтай рөл атқарады, демек, құқықтық қамтамасыз ету механизмі шаруашылық тәжірибеден қалып барады.

Экономикалық қатынастарды реттеудің заңдық сипатын дамыту үшін:

– Барлық шаруашылық субъектілер үшін нарықта жалпыға бірдей өзін-өзі ұстау ережелерін жасау қажет;

– Тұтынушылардың талап-тілектеріне зиян келтіретін, шаруашылық заңдарды бұзатын тұлғаларға материалдық санкция жүйесін жасау;

– Қоғамдық құндылыққа қол сұғатын, шаруашылық әрекеттің жалпыға міндетті ережелерін орындамау жағдайында әртүрлі қылмыстық және әкімшілік жауапқа тартуды енгізу қажет.

Құнды қағаздармен жұмыс істеу ережелерін бұзу, кірісті жасырып қалу мақсатында бухгалтерлік есепті шатастыру, басқа шаруашылық субъектілер мен кәсіпорындарды тіркеу кезінде мәліметтерді қасақана бұрмалау, т.б. секілді экономикалық әрекеттің қауіпті нысандары үшін қылмыстық және әкімшілік жауаптылыққа тартуды енгізу зор мәнге ие.

Экономикалық қылмыстың алдын алу міндеттерін шешуде маңызды мәнге заңды қорғамауға бет алған әрекетті болдырмай, оның ерте кезеңінде тиісті шара қолдану хұзыретіне сот пен прокуратура ие.

5. Тәрбиелік шаралар. Кәсіпкерлік-экономикалық қызметтің айрықша түрі және әлеуметтік құбылыс ретінде белгілі бір тарихи және әлеуметтік ортада туындайды. Халықтың едәуір бөлігінде жеке табыс идеологиясы біздің қоғамның ұжымдық табиғатынан кем емес екендігімен санаспай кетуге болмайды, сонда экономикамен айналысатын адамдардың әрекеттері қалайша моральға жат болуы мүмкін.

Адамдарға жақсы өмір сүруге жағдай туғызуға және жақсы қоғамда өмір сүретіндігін мақтаныш тұтуға мүмкіндік бере алатын, оларға жақсы өмір сыйлауға қабілетті, тиімділігі жоғары қоғам құрудың тәрбиелік мәні болуының себебі міне осында.

Көлеңкелі ақша айналымы мен оны шетелге заңсыз шығару секілді нарық реформасы кезінде қалыптасқан экономикалық қылмыстың жаңа түрлерін кешенді зерттеу маңызды мәнге ие. Нарықтық қатынастар жағдайындағы құқықтық және экономикалық жүйелердің өзара байланысының генезисін байытып, молайту криминологияның түйінді мәселелерін шешуге – экономикалық қылмысты жоюдың негізгі себептері мен жағдайларды анықтауға мүмкіндік береді.

Себептік кешенге негізделе отырып, нарықтық қатынастарға қылмыстың алдын алу әдіснамасын қалыптастыруға аяқ басуға болады. Анықталған өзара байланыстар есебінен профилактикалық әрекеттің объектілері мен субъектілерін анықтау қажет. Сондай-ақ профилактикалық әрекеттердің актуальды бағыттарын топтау және жүйелендіру қажет.

Нарықтық қатынастарды реттеу, құқықтық нормаларды дамыту туралы криминолог ғалымдардың да ұсыныстарының жаны бар. Бұл ұсыныстарды жүзеге асыру – экономикалық қылмыс эскалациясынан қорғау шараларының параметрлерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қорыта айтқанда, экономикалық қылмыстың криминологиялық алдын алуды басқарудың ұйымдасқан негізін дамытуды ғылыми тұрғыда ойластыру қажет.

Осылайша, экономикалық қылмыстың алдын алудың әдіснамалық жүйесін қалыптастырудың жүйелі тәсілі – әлеуметтік-экономикалық процестерге тиімді әсер етуге мүмкіндік беретін экономикалық қылмыс профилактикасының жаңа заманғы жүйесін жасауға жол ашып береді.

Ш.Б. Маликова

Некоторые проблемы профилактики экономических преступлений

В данной статье рассматриваются проблемы предупреждения экономических преступлений. Автором комплексно анализируются меры профилактики экономических преступлений.

Sh.B. Malikova

Some problems of prophylaxis of economic crimes

In given article it is considered problems of the prevention of economic crimes. The author in a complex analyzes measures of preventive maintenance of economic crimes.